

**С.Оразалин атындағы ЖОББМ 2023-2024 оқу жылының «Алақай»  
балалар театр үйірмесінің жыл бойы жүргізілген жұмыстары  
бойынша талдама.**

С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің «Балалар және театр» ағартушылық жобасы аясында мектеп жанынан құрылған «Алақай балалар» театр үйірмесінің жылдық жоспары құрылып, жоспарға сай жұмыстары жүргізілді. Үйірме құрамына орта буын мен жоғары сынып оқушылары арасынан 15 оқушы қамтылды. Үйірменің алғашқы отырысында жылдық жоспар мен таныстырылды. Театрдың негізгі мақсаты бұл мұғаліммен оқушының сабақтан тыс баланың жаңа қырларын ашу, белгілі бір жетістіктерге қол жеткізу мақсатында жұмыстанатын қосымша уақыты. Бұл оқушыларды ізденімпаздыққа баулиды, өз-өздерін тануға мол мүмкіндік береді. Тапсырманы орындау, өздерінің идеяларымен бөлісу оларды шығармашылық тұрғыда дамыту. Театр үйірмесінде балалар еркін жұмыс жасауға арналған ойындар, дене қозғалысын жеңілдетуге арналған жаттығулар жасайды және сөйлесу мәдениетін қалыптастыра отырып, қысқаша поэзия, проза сияқты әдебиет жанрларынан өз қалауларына жии-жиі үзінділер оқып, жаттап үйірме барысында шығармашылыққа бір табан жақындайды. Міне осылайша эстетикалық жағынан мәдениетті, талғамы жоғары оқушы бола білуді үйренеді. Сонымен қатар үйірме жұмысы оқушылардың бір-бірімен тіл табыса білуді, өз ойларын, білімдерін ортаға салып, өз білгенін басқалармен бөлісе білуге үйретеді.

**«Менің атым Қожа» қойылымы**



**«Әдеп пен мәдениет» шығармасымен  
танысу**



**«Ұстаз- ұлы есім»**




Мұғалім көмегімен жас әртістер өз рөлдерімен жұмыс істейді, сөздерін жаттайды, оның дұрыс оқылуына баса назар аударып, мимика, интонация тазалығын дәл келтіре отырып көркем образды аша алады. Оқушылар ұстаздар күніне орай «Ұстаз ұлы есім» атты мектепішілік концерт өткізілді. <https://www.instagram.com/p/CyDhZRuopOf?igsh=djA5Mzl6MDh0cm1s>

Мерекелік концертте «Менің атым - Қожа», «Ұстазым» тақырыбында театр оқушылары қойылым қойып шықты. Үйірме оқушылары ұстаздарына арнап, арнау өлең жолдарын оқыды. «Менің әдемі қиялым» тақырыбында оқушылар арасында сурет көрмесі өтті. Оқушыларға театральдық ойындар ойнатылды. «Бала құқығы – асыл қазына» тақырыбында мектепішілік жоспарға сай, соның ішінде үйірме оқушылары арасында дөңгелек үстел барысында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түіндіру.

**«Ана – өмір шуағы»**



**«Досын іздеген бота» ертерісі**



**«Үйшік» ертерісі**



«Сыбайлас жемқорлыққа жол», Құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігін түсіндіріп құқықтық сауатқа тәрбиелеу, өз ойларын еркін айтуға үйрету.  
<https://www.instagram.com/p/C5n5xqQISZJ/?igsh=bzJseHBzMDA5OG9y>.

Құқық туралы мағлұмат бере отырып оның ішінде баланың құқығы, құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыптарында видео ролик көрсетілді. Сонымен қатар оқушылар өз ойларын постер қорғау арқылы өз ойларын жеткізді. «ДосболLike» достық қолын ұсын атты шығармашылық кеш өтті.  
[https://www.instagram.com/reel/C3SRn\\_nI7Ma/?igsh=MTI2d2g0OW45cjYxaQ==](https://www.instagram.com/reel/C3SRn_nI7Ma/?igsh=MTI2d2g0OW45cjYxaQ==).

Үйірме оқушылары «Мейірімділік», «Дос іздеген бота» қойылымдарды қойып шықты.



Өнер бірлестігінің жоспарына сай «Өнерлі ұрпақ-кемел болашақ» - атты он күндік апталық өтті. Апталықта «Үйірмелер жәрмеңкесі», «Ертегілер әлеміне саяхат» атты МАД тобы мен 4-сыныптар арасында сайыс өткізді. <https://www.instagram.com/reel/C6LnBlvIIPj/?igsh=Z2tianNhaGJleHA0>

Сайыс соңында оқушыларға тәттілер мен сыйлықтар беріліп, белсене қатысқан оқушыларға әділ қазы алқалардың шешімі мен І,ІІ,ІІІ дәрежелі дипломдар берілді. «Театр ұжымдық өнер» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. <https://www.instagram.com/p/C6GqKqVoyFg/?igsh=b2JlanJna3U5ZjJz>

Үйірме жетекшілерінің ұйымдастырумен «Әкешім асқар - тауым» дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге оқушылар мен әкелер белсене қатысты. Мақсаты: Мектеп пен отбасының өзара байланысын, қарым –қатынасын нығайту. Әкелерге слайдтар,сұрақ – жауап, қызықты ойындар өткізілді.

«Бала құқығы асыл қазына»



«Мейірім мекені»



«Театр – ұжымдық өнер»



Наурыз айында «Ана –өмірдің шуағы» атты мерекелік құттықтау кеші өтті. Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, жырлар, көріністер, ұстаз аналармен аруларды құттықтау. Кеште 6-сынып оқушылары «Ана бақыт жанашыр» көрінісі, 7-сынып оқушылары «Ана мені кешіріші» көрінісі қойылды. Наурыз мерекесіне орай «Қош келдің Әз наурыз » тақырыбында мерекелік концерт қойылды. Оқушылар қазақ халқының билері, Жер- ана, Су- ана, От- ана болып қойылымды сомдап, ән жырларын, билерін биледі, үйірме оқушылары «Наурыз көже» қойылымын қойды. Мамыр айында үйірме жетекшілерінің ұйымдастырумен «Ынтымағы жарасқан елміз» атты мерекелік концерт өткізілді. <https://www.instagram.com/p/CrkUM21IKBm/?igsh=Z3Y4cGxvdWF2MmNl>.

Алдағы уақытта оқушылармен көптеген жұмыстар жүргізіледі.

## «Ертегілер әлеміне саяхат»

<https://www.instagram.com/reel/C6LnBlvIIPj/?igsh=Z2tianNhaGJleHA0>



Үйірме жетекшісі: *Наз* Жахина Айдана.